

ШӘКӘРІМ ШАҢҰРАҒЫ



Ақпараттық-танымдық басылым

2022 жыл №3 (139) наурыз

Қадірлі әріптестер! Шәкәрім шаңырағының ұжымы!

Мұз көбесі сөгіліп, Жер Ананың бусанып, қазақ даласына шуағын шашып Ұлыстың Ұлы күні Наурыз келді!

Ұлы даланың биік рухымен, төңірге сиынған тәкәппар мінезінен басталатын Наурызбен бірге Семей халқы үшін сүйіншілерет қуанышты жаңалық егізқатар келді. Қарт Семей Абай облысының орталығы болды. Ырыс пен берекенің бастауы Наурыз мейрамымен бірге келген бұл жаңалық барша жақсылықтың бастауы болғай! Жаңа күннен қашан да жақсылық күтетін алаш жұрты үшін игі бастамалар сәтімен болсын!

Ұлы ақын Абай наурыз жайында: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той-тамаша қылады. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» деген екен». Ал, Шәкәрім қажы наурыз мейрамы туралы «Таң» журналында бірнеше мақала жариялаған: «Жыл басының аты ұлыс екенінің дәлелі мыналар:

*Ұлыс күні қазан толса
Ол жылы ақ мол болар,
Ұлы кісіден бата алсаң
Сонда олжалы жол болар».*

Халық арасында наурыздың 14-і «Әбдікей» деп аталатын көрінеді. «Наурыздың 14-інде қара торғай тұмсығын суға шылдаса, онда күн жылиды. Ал егер қар әлі ери қоймаған болса, көк мұз болып сіресіп жатса, көктем әлі келе қоймағаны, – деп, көнекөз қариялар жастарға: – Әлі бір ай арқаны кеңге салмай тұра тұрған жөн»



– деп ескертеді екен. Қазіргіше 14 наурыз – ескіше 1 наурыз, Шәкәрім қажы айтқан «қазақтың наурызы» осы.

Осындай татулық пен ізгі парасаттың белгісі – Көрісу күні. 14 наурызда еліміз Наурыз мейрамының басы Көрісу мерекесін атап өтеді. Бұл күнді қазақ халқы наурыз демей, Амал деген.

Бұрынғы қариялар 22 наурызды «Қызылбастың наурызы» дейді екен.

Халық қыстан аман-есен шыққанына, көктемге аяқ басып, туыс-туған, көрші-қолаңмен жүздескеніне қуанып, қол алысып, төс қағысады. Бір-біріне деген араздық, өкпе-ренішті ұмытып, амандық тілейді. Бұл – нағыз береке-бірлік пен ырыс-ынтымақтың мейрамы.

Өз-Наурыз еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірлік пен ынтымақтың мерекесі.

Топыраққа дән түсіп көктеген, қой қоздап, түйе боздап, төлін өрбіткен қазақ жұрты үшін Наурыз мейрамы ұлы күн саналады. Ұлыстың ұлы күні елдік, бірлік, берекелік сипатын былай қойғанда, оның құндылығы сол – адамзатты адамгершілікке, ізгілікке баулиды.


Университет тарихында дәл осы наурыз айында, дәлірек айтсақ, 1935 жылдың 15 наурызында, педагогикалық институттың алғашқы директоры В.Семеняк тағайындалған екен. Содан бергі бағындырған белестер, атқарылған істер, қалыптасқан дәстүрлер, ардақты ұстаздардың есімдері мен атқарған істері уақыт шеңберінде жеткен жетістіктері екені сөзсіз. Біз осынау шежірелі тарих беттерінің тоғызыншы онжылдығына қадам бастық. Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы болған өз-Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін. Болашақтың тұғыры жастарымыз білімді де іскер болсын! Шәкәрім шаңырағының байрағы биіктеп, мерейіміз үстем болсын!

Ақтың молаятатын, тіршіліктің жаңаратын, пейілдің түзелетін, көңілдің кеңейетін кезеңі – Наурыз мейрамы құтты болсын! Еліміздегі тұрақтылық тұғыры бекемделіп, бақ-берекеміз арта берсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын, ағайын!

**Құрметпен,
Шәкәрім университетінің басшысы
Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ**

Осы санда

АҚЖОЛТАЙ ЖАҢАЛЫҚ



2 бет

ӨЗ-НАУРЫЗ, ҚОШ КЕЛДІҢ!



3 бет

БАТАЛЫ СӨЗ - БАЛАҒА АЗЫҚ



4 бет

«ШӘКӘРІМ БАРЫСЫ» ТУРНИРИНІҢ ЖАЛАУЫ КӨТЕРІЛДІ



7 бет

АҚЖОЛТАЙ ЖАҢАЛЫҚ

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың бүгінгі халыққа Жолдауы - «Жаңа Қазақстан» қалыптастыруға бастаған үлкен жолдың бастауы. Ертеңін ойлап, елең-алаң күй көшіп жүрген ел жұртшылығына қашан да ынтымақ пен бейбітшілікті ту ететіндігімізді арқау етті.

Жолдаудағы маңызды жаңалық – облыс орталықтарын құру мәселесі. Қ.К.Тоқаев: «Семей аймағында Абай облысын құруды ұсынамын. Семей қаласы жаңа облыстың орталығы болады. Осы мәселені аймақ тұрғындары көптен бері айтып жүргенін білемін. Қазір ол жақта шешімін таппаған түйтілдер аз емес».

Алаш астанасы Семей қаласына Ұлы ақын Абай есімін беріп облыс орталығы ретінде қайта құру – тарихи мекеннің ұлттық рухани әлеуетін жалпы қазақ елінің кемелденуі жолында мүмкіндігінше пайдалануға жасалған бастама.

Сүйіншілеген, ақсарбас айттып қуанған халық, қуаныштан көзіне жас алған жұрт. Еңселері көтеріңкі, мерейлері үстем...



Бұл мекенді жалпақ жұрт Абай елі атайды. Семей өңірі ғана емес ұлы ақынды өзінің рухани көсеміне балайтын қазақтың барша жұрты да Абай елі атандырғаны қашан. Себебі бұл топырақ үш алып өмірге келген руханият Меккесі.

Мен ең алдымен, осы елдің перзентімін. Ертістің суы, алаштың астанасы болған Семейдің рухы бойыма сіңді. «Атаңның ұлы болма, адамның ұлы бол» деген Абай ұлағатын санамызға сіңіріп өстік. Абай

сөзін тұғыр-сүйенішімізге айналдырдық.

Бұл тәрбие бізді абайтану әлеміне ынтықтырды. Абайды тануға ден қойдық. Абайтанушы ғалым ретінде айтпағым, ақынның табанының ізі, қолының табы қалған қаланы «Абай» деп атасақ қандай жарасымды!

Абай еліндегі қара шаңырақ Шәкәрім университетінің басшысы ретінде университет миссиясына Абай аңсаған кемел адам қалыптастыруды

таңдап алуымыздың да өзіндік мақсаттары бар. Яғни, білікті маман ғана емес, ұлы ақын айтқан зерделі сөзді сана-сына сіңірген Қазақ елінің тұлғасын тәрбиелеу – біздің ең басты міндетіміз. Абай сөзі арқылы қазақ дүниетанымымен қаруланған болашақ жас маман қай мемлекетке барса да, қанша тілді білсе де, қандай маман иесі болса да қазақи менталитетін жоғалтпайды. Ал жастар ол алған білімді өмірде кәдеге жарата білсе, мақсатымыздың орындалғаны деп бағалар едік.

Еліміздің игілігін еселеп, бірлігі мен берекесін арттыру үшін жасалған қадамдар құтты болсын! Қарт Семейде ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени-тарихи ұлттық дүниетанымдық рух асқақтай берсін!

Абай облысының игілігі үшін жасалатын барша бастамалар сәтімен болғай!


Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ
Шәкәрім университетінің
басшысы

БОЛАШАҚ – БІРЛІКТЕ БІЗДІҢ МҰРАТЫМЫЗ - ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін парламент палаталарының бірлескен отырысына қатысып, Қазақстан халқына Жолдау жасады. Президент еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық жүйесіндегі маңызды бағыттар бойынша жүзеге асырылатын саяси реформаларға талдау жасап, кешенді баға берді. Сонымен бірге, елдегі конституциялық құрылым мен оның мүддесін қорғау басты мәселе екенін шегелеп айтып өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы жиында еліміздің болашақ дамуы мен өркендеуіне тұртікі болатын жаңа міндеттерді нақтылады. Ең бастысы мемлекетіміздің басқару жүйесінің стратегиясын айқындап, талдап, сараптап отыратын Парламенттік жүйенің жұмысын жетілдіру қажеттілігін айтты. Бұл мемлекетті монобасқару емес халықтық, демократиялық, ғаламдық ағым үрдісінде болуға мүмкіндік беретінін атап көрсетті. Осы орайда, мемлекеттің егемендігіне қауіп туғызатын барлық әрекеттерге қарсы тұру шараларын жандандырды тапсырды.

Ел Президенті Қазақстан халқына Жолдауы бүкіл әлемді алаңдатып отырған саяси ахуалға байланысты елімізге алып келген зардабы мен өзгерістерін айта келіп, еліміздің әлеуметтік дамуына, ел тұрғындарының табысы мен жұмыс орындарының сақталуын, халқымыздың болашағы жолындағы жұмыстарға басты



назар аудару керектігін қадап айтты. Жолдау еліміздің болашақ дамуы мен ертеңгі күнге бетбұрысын айқындап берді. Қазіргі кезеңдегі саяси ахуалға байланысты азық-түліктің бағасын тұрақтандыру, халықтың тұрмыс жағдайын көтеру мәселесі ұлтымыздың сапасын арттырудағы басты бағыт екендігін айқындай келе, нақты тапсырмалар берді. Барлық әлеуметтік – экономикалық бағыттардың дамуы, ел тағдыры үшін маңызды.

Қазақ халқының әрбір азаматының көкейінде жүрген мәселені шешу жо-

лына арналған жаңа жолдау, ел дамуы мен халқымыздың өмірінде біршама жаңашылдықтың болатынын айқындап берді. Жолдауда аталған міндеттерді жүзеге асыруға еліміздің әрбір азаматы атсалысуы тиіс деп ойлаймын. Болашақ – бірлікте.

**ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРЛЕСІП
ӨРКЕНДЕТУГЕ ШАҚЫРАМЫН!**

Қымбат БАЙСАРИНА
Тарих және құқық кафедрасының
профессоры

ӘЗ-НАУРЫЗ, ҚОШ КЕЛДІҢ!

ШӘКӘРІМ ШАҢЫРАҒЫНДА НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНЫҢ 10 КҮНДІГІ ӨТТІ

Табиғат, жер-дүние жаңарып, жасанатын, күн мен түн теңесетін, ырыс пен берекенің, ризық пен несібенің бастауы болған Ұлыстың ұлы күні университетімізде кең көлемде аталып өтті. Түркі халықтарына ортақ мереке білім ордасында 10 күн өзіндік болмыс-бояуымен, сән-салтанатымен тойланды.

КӨКТЕМНІҢ БАСЫ – КӨРІСУ КҮНІ

14 наурыз - қазақтың ежелден келе жатқан ата салты Көрісу күні. Шәкәрім шаңырағында Инженерлік-технологиялық факультетінің ұйымдастыруымен Көрісу күні аталып өтті.

Тағылымды шараға құрылымдық бөлім басшылары, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты.

«Айтулы мереке баршаңызға құтты болсын! Бұл күн – елдегі берекені арттырып, халықтар арасындағы достықты нығайтатын, ренжіскендер татуласып, төс қағыстыратын, бір-бірімізге тәтті дәм ұсынып, дастарханымызды батаға толтыратын күн», - деді Инженерлік-технологиялық факультетінің деканы Ж.Тохтаров.

Іс-шара барысында келген қонақтарға ақ дастарханнан қымыз, ыстық бауырсақ пен басқа да қазақтың ұлттық тағамдары ұсынылды.



ЖАЙЛАУ КҮНІНДЕГІ МЕРЕКЕЛІК ЖИЫН

Табиғаттың өзі тамаша күйге енетін, адамдарға жайдарлы көңіл күй сыйлайтын Наурыз мерекесінің өзіндік ерекшелігі бар. Осындай айтулы күндердің бірі – «Жайлау күні».

Шәкәрім шаңырағында Жаратылыстану-математика факультетінің ұйымдастыруымен Жайлау күні өтті. Игі шараға университеттің басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты.

Жаратылыстану-математика факультетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерінен құралған талантты өнерпаздар өнерлерін ортаға салып, көрерменге тамаша көңіл-күй сыйлады.

«ШЕЖІРЕ КҮНІ»



«Жеті атасын білген ұл, жеті жұртқа жен айтар». Қазақ халқы балаға жастайынан әкесінен бастап ағайын-туысын, ататегін, руын, ел-жұртын таныстыруға ерекше көңіл бөлген. Бұл ретте бабаларының есімін

жаттатқызып қана қоймай, олардың қандай адам болғанында жиі әңгімелеп отырған. Қазақта шежіре дастаны осылайша ауыздан-ауызға жетіп, таралған. Бұл күні елдің, өлкенің тарихы, ерлігі баяндалады.

Осы орайда Филология факультетінің ұйымдастыруымен Шежіре күні аталып өтті. Аталмыш факультеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері Шәкәрім университетінің мұражайын аралады. Қара шаңырақ шежіресінен сыр тарқатып, мереке жайлы тың деректер айтты. Сондай-ақ, факультет студенттері арнауларын арнап, тарихқа көз жүгіртті.

ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМДЫ ҰЛЫҚТАЙЫҚ!

16 наурыз – Жоралғы күні. Бұл күні әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер айшықталады. Ұмыт бола бастаған жоралғылар жаңғыртылады, ал барлары заман талабына сай дамытылады. Салт-дәстүрдің, ырым-тыйымдарың адам мен қоғам өміріндегі маңызы түсіндіріледі. Мұндай құндылықтар ұлттық кодты сақтаудың компоненті екені айтылады.

Наурыз мерекесіне байланысты ұмыт бола бастаған салт – дәстүрлерімізді

заманға сай қайта жаңғырту мақсатында Ветеринария және агроменеджмент факультетінде Жоралғы күні аталып өтті. Шараға университет басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты.

Мейрам барысында доцент Е.Омарбеков бүлдіршіннің тұсауын кесіп, «Құрмет» орденінің иегері, ветеринария ғылымдарының докторы З.Тоқаев ақ батасын берді. Сондай-ақ, ветеринария ғылымдарының докторы,

профессор С. Дүйсембаев қазақтың «Ашамайға мінгізу» және оқытушы О.Мухаметжанова "Бесікке салу" салттарын өткізді.

«Ежелден келе жатқан салт-жоралғыларының озығы сұрыпталатын сәт. Бүгінгі қазақ қоғамына достық пен мейірбандықты, адамгершілік деген ұлы қасиетті дәріптейтін дәстүрлер ауадай қажет», - деді Ветеринария және агроменеджмент факультетінің деканы А.Қойгелдинова.

Әз-Наурыз құтты болсын! Ақ мол болсын!

Аса құрметті Шәкәрім университетінің ұжымы, ардагерлері, профессорлар, мұғалімдер және студент-магистранттар!



Сіздерді университет ардагерлері атынан келе жатқан Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамымен құттықтаймын! Жаңа барыс жылы мол ырыс-берекемен келсін!

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Қайда жүрсеніздер де жол болсын!

Наурыз – бірлігі ажырамаған бірліктің мерекесі.

Наурыз – жаңарып, жасарған тірліктің мерекесі.

Жақсы істің жаршысы, жаңа жылдың бастауы болған Наурыз мейрамы еліміздің қасиетті топырағына құт болып дарысын!

Жаңа Қазақстанның дамуы мен өркендеуі, гүлденуі пен көркеюіне теңізге тамған тамшыдай үлесін қосар білім ошағымыздың таланты, талапты жастары мен жас ғалымдары көп болсын!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Барыс жылы баршаңызға құтты болсын!

Ергали ЕСЕНЖОЛОВ
Университет ардагерлер
кеңесінің төрағасы, профессор



Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын!

Алашым, қазағым аман болсын

Ұлан-асыр той болсын!

Егеменді еліміздің тұғыры берік,

Еңсесі биік болсын!

Қазақстанның дәулеті шалқып,

Құт мекенге айналсын!

Ұлымыз ұлағатты болсын,

Қызымыз ұрпақты болсын.

Сыйластық пен татулық,

Өсер өркенге жұғысты болсын!

Өркеніеттің ордасы,

Жаңалықтың жаршысы,

Шәкәрім шаңырағының

Мерейі үстем болсын!

Арап ЕСПЕНБЕТОВ
ҚР еңбек сіңірген қайраткері

ҚЫМБАТТЫ ШӘКІРТТЕР!



ұлы күні – Наурызды «Ұзын сары» деп те айтады. Наурыз келгенде – «Ұзын сары» келді дейді.

Халқымыз бүкіл табиғатты, барлық тіршілік дүниесін қайта түлететін жаңа жылды қуана қарсы алып, оның адамзат өміріне де үлкен жағымды өзгерістер әкелетініне сенген. Байқап қарасақ, сол күндері елдің бір-бірлеріне айтатын сөздерінен тек жақсы тілектерді, ризашылықты естиміз. Сол айтылғандарға қарап-ақ адам баласының Ұлыстың ұлы күніне деген тамаша сенімін көреміз. Наурыз - адамның рухани тазалануына жол ашатын қасиетті мейрам!

Жастар біздің ертеңгі жарқын болашағымыз және арман болған бақуатты Мәңгілік елді жасайтындар. Шәкәрім қажы атындағы біздің университет қабырғасында білім алған

шәкірттердің, ертеңгі білікті мамандардың ел көсегесін көгертуге қосар үлестерінің қомақты болатынына күмән жоқ.

Ұлыстың ұлы күні көпті көрген үлкен кісіден бата алса, ол жыл олжалы жыл болар деп ырымдап, жастар үлкендерден бата күтеді екен делінеді. Атадан қалған дәстүрді есте ұстай отыра, осы бір тамаша күннің қарсаңында шәкірттерімізге жасы үлкен ұстаз ретінде: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Бәле-жала жерге еңсін! Күніміз ұлысты болсын! Жеріміз ырысты болсын! Отанымыз Қазақ елі мәңгілік болсын! Шәкәрім қажы қара шаңырағының абыройы еселеп өссін! Жастарымыз аман боп, биіктерге самғасын!» дегім келеді.

Мұхтарбек КАРИМОВ
«Құрмет»
орденінің иегері

Санаулы күндерден кейін, асыға күткен халқымыздың жаңа жылы – Наурыз ортамызға келеді.

Жыл он екі айдың бас айындағы бұл мейрамды қазақ жұртшылығы байырғы замандардан бері Ұлыстың ұлы күні деп атаған. Сол сияқты халқымыз Ұлыстың



Ұлыстың ұлы күнінде,

Ұлыс оң болсын.

Жыл бақты болсын,

Елге береке берсін.

Қыстың суығы кетіп,

Күн шырайы күлімдеп.

Жайнаған дүние гүлденіп,

Өмірге жаңа сый келсін.

Береке күндер таси берсін,

Келешек өрлеп, биікке .

Жаңа тілек, жаңа жылда,

Мереке, берекелі болсын.

Жеріміз ырысты болсын,

Күніміз жемісті болсын.

Аспанымыз шуақты болсын,

Еліміз қуатты болсын.

Дәлел ЖАЙЛАУБАЕВ
техника ғылымдарының
докторы, профессор

ҚҰРМЕТТІ БІЛІМ АЛУШЫЛАР!

Наурыз мейрамы - ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Табиғаттың заңы бойынша 22 наурызда күн мен түн теңеседі. Қазақ елінде жыл басы Ұлыстың ұлы күні дейді. Халық бір - біріне игі тілектер айтады.

Әмин десең, міне бата,

Қолдасын Қыдыр ата!

Ырыс молайсын, ынтымақ бірлік нығайсын!

Басымыз аман, деніміз сау болып,

Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарайық!

Құрметті шәкәрімдіктер, дендеріңізге саулық, мол бақыт және жаңа жеңістер тілеймін!

Серікбай МАУСЫМБАЕВ
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор



Наурыз мейрамы - көне дәстүр сабақтастығының белгісі саналатын, ұлттық мәдениетіміздің қайта түлеген ерекше мерекесі. Халық арасында бұл мереке ұлттық таным бойынша үйге жыл бойы молшылық пен сәттілік әкеледі деген сенім бар. Осы орайда 22 Наурыз мейрамына байланысты қызықты деректерді сіздердің назарларыңызға ұсынамыз.

СІЗ БІЛМЕЙТІН ҚЫЗЫҚТАР



1. Наурыз мерекесі — әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. Орта Азия халықтарында бес мың жыл бойы тойланып келеді. «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны береді.

2. «Наурыз» сөзі парсы тілінен шыққан, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқы наурыз демей, Амал деген.

3. Наурыздың дәстүрлі тағамы — «Наурыз көже». Ол жеті түрлі азықтық заттан тұрады. Жеті деген сан аптаның жеті күнін бейнелейді, бұл санның мағынасы терең. 7 санға байланысты әдет-ғұрыптар бар. Наурыз мерекесін тойлау кезінде, ақсақалға наурыз көжеге толы жеті кесе ұсынылады. Наурыз кезінде әр адам өз үйіне 7 қонақты шақырып, өзі де 7 үйге жолығады.

4. Қазақтың төл мерекесін өзіне қайта сыйлаған — әйгілі қазақ ақыны Мұхтар Шаханов. Қазақстанда 1926 жылдан бастап Наурызды тойлауға тыйым салынған болатын. Тек 1988 жылы Мұхтар Шаханов коммунистік партияның Орталық Комитетінің бірінші хатшысына хат жазып, осы мерекені қайта жандандыруды сұраған еді. Хат мәтінінде: «Геннадий Васильевич желтоқсан оқиғалары екі ел арасында жік қалдырды. Қазақтар сізге жек көрініспен қарайды. Егер сіз Наурыз мейрамын жандандыруға көмектесетін болсаңыз, онда барлық қазақтар сізге басқа көзқараспен қарайтын болады» делінген. Сонда Колбин Горбачевты көндіруге уәде берді. Сөйтіп, сол жылдан бастап Қазақстан Наурыз мейрамын қайта тойлай бастады.

5. Наурызды тойлау тарихы Ұлы Абай өзінің «Біраз сөзі қазақтың қайдан шыққаны туралы» жазбасында Наурыз тарихын көшпелі халықтардың «хибғи», «хұзағи» деп аталатын көне заманына ұштастырады. Парсының «нау» сөзі әр түрлі өзгерістерге ұшырағанымен, сол мағынада көп халықтың тілінде сақталып қалған. Ол

орысша нов (ай), немісше нояе, латынша нео. Осылайша «нау» сөзі үнді-еуропалық халықтар дараланудан да бұрын пайдаланылған.

6. Наурыз мейрамы — діни мереке емес. Бұл — қалың қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, жаңа жылды қарсы алу мерекесі. Наурыз мерекесінде көріскен жандар бір-бірін құшақ жая қарсы алып, игі тілектер айтады. Қазақ халқы бұл күні дүниеге келген қыз балаларға Наурыз, Наурызгүл, Наурызжан, ер балаларға Наурызбай, Наурызбек, Наурызхан деген есім берген.

7. Наурыз мейрамына байланысты мынадай атаулар бар: Наурыз күні, Наурыз айы, Наурызнама, Наурызкөже, Наурыз тойы, Наурыз жыры, Наурыз жұмбақ, Наурыз бата, Наурыз тілек, Наурыз төл, Наурызкөк, Наурыз есім, Наурыз шешек, Наурызша, Өз, Қыдыр, Саумалық, Мұхаррам (тыйым), Самарқанның көк тасы.

8. Атырау және Маңғыстау облыстарында Наурыз мерекесі 14 наурыздан басталып, «Амал» деп аталады, осы мейрамның дәстүрлі элементі — «Көрісу». Бұл күні адамдар қол алысып қауышады. Сонымен бірге, барлығы «Жаңа жыл құтты болсын!» деп амандасады. Аталған дәстүр университетімізде де тойланып келеді.

9. Мереке күні қар жауып тұру жақсы ырым деп саналған. Бізге жеткен қазақ аңыздарында қыздың сұлулығы Наурыздың ақ қарына теңестеріледі. Бұл таңғажайып жайт емес, өйткені наурыздағы қар әдетте жұмсақ, ерекше аппақ болады.

10. Наурыз батасы. Осы күнгі дәстүрге сай ақсақалдар халыққа жақсы тілек айтып, бата береді. Бұл жақсы тілек: «Халық гүлдене берсін! Ақ мол болсын! Бұл күн молшылық әкелсін! Бүкіл жамандық пен барлық қара іс жер бетінен жойылсын! Ата-бабамыздың рухы бізге әрдайым қолдау көрсетсін!» деген сөздермен аяқталады.

НАУРЫЗ – ПРАЗДНИК МИРА И ДОБРА



Наурыз - праздник света, мира и добра, праздник обновления и весны. Это - восточный Новый год. Его празднуют представители всех этносов нашей страны. Это праздник дружбы, единства, праздник равенства, начала восточного нового года.

Велик народ и прекрасна страна, где чтят традиции, обычаи своей культуры, сохраняя и передавая их из поколения в поколение. И если в этой стране знают, уважают и почитают обычаи своего народа молодые, у такой страны есть будущее.

16 марта было проведено праздничное мероприятие, посвящённое Наурызу, инициаторами и организаторами которого стали преподаватели кафедр иностранных языков: Солтанбекова О.Т., Исабаева Т.Д. и Мотовилина Л.Х. Активными участниками данного мероприятия были студенты ИТФ следующих групп: СТ-101, ВТ-101, БЖ-101, ТФ-101, ЛОП-101, Х5-101, ПП-101, ТЭ-101, ЭЛ-101, СС-101.

Как радостно было видеть и слышать выступления первокурсников, посвящённые замечательному празднику Наурыз, где каждая группа представляла в виде сценки-миниатюры казахские национальные традиции, обряды: Бастаңғы, Құда түсу, Сырға салу, Қыз ұзату, Бата, Шашу и др., которые сопровождалась комментариями на казахском, русском, английском языках: И сколь приятно было наблюдать за процессом создания этих сценок: по всему было видно, что студенты хорошо знают культуру своего народа и с неподдельным интересом рассказывают, как проводится тот или иной обряд, какие традиции и обычаи особенно почитаемы.

Праздник удался: рассказы и сценки сопровождалась пением, игрой на домбре; девушки-студентки были неотразимо красивы в национальных костюмах, старинных национальных украшениях, а парни-студенты, как и подобает джигитам, соревновались в остроумии, находчивости, проводили национальные игры. Были и праздничные угощения.

Приобщение к культуре всегда добром и светом, миром и любовью отзывается в сердце каждого человека. Вот и мы все: и студенты, и преподаватели, уносили с собой частичку радости и теплоты общения, праздничное настроение!

Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Қуаныштарыңыз көп болсын!

О.Т. СОЛТАНБЕКОВА,
ассоциированный профессор,
Л.Х. МОТОВИЛИНА,
ст.преподаватель кафедры
иностраннх языков

ШӘКӘРІМ ШАҢЫРАҒЫНДА НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ КЕҢІНЕН АТАЛЫП ӨТТІ

Табиғат, жер-дүние жаңарып, жасанатын, күн мен түн теңесетін, ырыс пен берекенің, ризық пен несібенің бастауы болған Ұлыстың ұлы күні университетімізде кең көлемде аталып өтті. Түркі халықтарына ортақ мереке №3 оқу ғимаратында өзіндік болмыс-бояуымен, сән-салтанатымен тойланды.

Алғы сөз университет басшысы Б.Ердембековке берілді. Басқарма төрағасы жиылған көпшілікті салтымызға сіңген, ырыстың, береке мен молшылықтың, жаңғырудың мерекесімен құттықтап, елімізге бейбітшілік, әр шаңыраққа амандық, шаттық тіледі.

Қара шаңырақтың көңілді көктем мерекесінде жағалай киіз үй пішіндес үйлер тігіліп, кең дастархан жайылып, қазан көтерілді. Алтыбақан құрылып, сахна да мерекеге сай әсем безендірілді. Бір-бірімен көрісіп, амандық-саулық сұрасқан Шәкәрімдіктер «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!» «Құтты, берекелі жыл болғай» деп ақ тілектің тиегін ағытты. Бұл күні аспан ашылып, күн жылынып, табиғат та нұрланып сала берді.

Мерекелік шара қарсаңында шығармашылық көрмелер мен ұлттық спорт сайыстары да ұйымдастырылды. №2 спорт кешенінде қызметкерлер ұлттық салт-дәстүр, ойын түрлеріне белсене қатысты. Мәселен, арқан тарту, қазақ күресі көпшіліктің назарынан тыс қалмады. Жұртшылық бір-бірін құттықтап, жылы лебіздерін жеткізді.

Ұлыстың ұлы күніне арналған негізгі мерекелік шара Шәкәрімдіктердің көңілінен шықты.

Өз-Наурыз құтты болсын!



НАУРЫЗ ОТПРАЗДНОВАЛИ В УНИВЕРСИТЕТЕ ШАКАРИМА

Главный весенний праздник - Наурыз мейрамы в лучших традициях казахского народа отпраздновали в Университете Шакарима.

Уже с раннего утра во дворе университета были воздвигнуты юрты, сооружены качели – алтыбакан, площадки для национальных спортивных игр, большая сцена для праздничного концерта. Таким образом, на этом торжестве каждый гость мог найти себе занятие по душе.

В мероприятии приняли участие представители интеллигенции, культуры городского и областного масштаба, специально приглашенные гости, все факультеты и структурные подразделения университета.

Гостям праздника были продемонстрированы национальные игры «Қой көтеру», «Ләңгі тебу», «Арқан тарту», «Асық ату», «Қазақша күрес», гиревой спорт и армреслинг, где любой желающий мог попробовать свои силы, мастерство и меткость. По итогам состязаний победители и призеры были награждены ценными призами.

К слову, самым захватывающим зрелищем был спортивный конкурс «Қой көтеру» (Поднятие барана), в котором победитель в награду забирает барана.

Поистине народным праздником стало сегодняшнее мероприятие с замечательным концертом, интересными выступлениями и вкусными традиционными блюдами и угощениями, объединяющим людей после холодной зимы.

Не даром Наурыз мейрамы считается – главным праздником весны, началом нового года и новой жизни. Ведь для казахов этот праздник является символом весеннего обновления, торжества, любви, плодородия и дружбы.

Отметим, в течение недели, предшествующей празднику, сообщество университета приняло участие в различных праздничных мероприятиях. Так, праздничную неделю открыло мероприятие посвященное Дню приветствия «Көрісу күні», а затем и «Жайлау күні», «Шежіре күні», «Тарихқа тағзым күні», «Игі істер күні», «Шымырлық пен шеберлік күні», «Зияткерлік күні», «Ұлттық тағамдар күні», «Ұлыстың ұлы күні», а также «Жоралғы күні».

Медиа орталық



«ШӘКӘРІМ БАРЫСЫ» ТУРНИРИНІҢ ЖАЛАУЫ КӨТЕРІЛДІ

Шәкәрім университетінде ұлттық спорт түрлерін дамыту жіті назарға алынған. Оның ішінде қазақ күресі, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға айналған спорттық шараларға басымдылықтар берілуде.

Шәкәрім университетінің спортшылары дзюдо, самбо, еркін күрес, грек-рим және қазақша күрес бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебінде дайындалуда. Оларды тәжірибелі жаттықтырушылар баулып, жекпе-жек спортының әртүрлі тәсілдеріне үйретеді, осы жерден жаттығып, шыңдалып шыққан талай балуандар үлкен додаларға түсіп, Шәкәрімнің атын әлемдік кілемге шығарып жүр.

Осы орайда дәстүрлі ЖОО мен колледж студенттері арасында «Шәкәрім барысы» турнирі ұйымдастырылды. Турнирдің ашылу салтанатына Басқарма төрағасы Б.Ердембеков, қазақ күресінен еңбек сіңірген жаттықтырушы С.Қоржықенов, еліміздің еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ш.Тұрсынов, Шығыс Қазақстан облыстық бұқаралық спорт түрлері бойынша жоғарғы спорт шеберлігі мектебінің директоры З.Шаймарданов, «Спартак» спорт кешенінің директоры Е.Көбелдесов, қазақша күрес халықаралық спорт шебері Д.Қыздарбеков, «Қазақстан барысы» жеңімпазы М.Тұрсынов, «Әскер барысы», екі дүркін финалист Ерасыл Қажыбаев және спорт сүйер қауым өкілдері қатысты.

Алғы сөз университет басшысы Б.Ердембековке берілді. Ректор өз сөзінде Семей жері балуандар мекені екендігін тілге етіп, жеңімпаздарға «Шәкәрім гранты» және «Шәкәрім» стипендиясы берілетіндігін айтты.

Барлық қатысушылардың саны 50. Бұлардың қай-қайсысы болмасын «барыс» атағына лайықты балуандар. Жүзден – жүйірік, мыңнан – тұлпар дегендей нағыз балуан осындай көптің ішінен суырылып шығып, жарыстың жеңімпазы атанады, - дейді ұйымдастырушылар.

Турнир соңында жеңімпаздар анықталып, 74 келіге дейін салмақта Е.Қасымжанов 1-орынға ие болды. 74+ келі салмақта 1-орынды университетіміздің студенті Ж.Қайролла қанжығасына байлады.

Барлық қатысушыларды жеңістерімен шын жүректен құттықтаймыз!



ИННОВАЦИОННЫЕ И БЕЗОТХОДНЫЕ ПРОИЗВОДСТВА: НОВАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ПОЛУЧЕНИЯ ПАСТЫ ИЗ МЯСОКОСНОГО СЫРЬЯ С ВЫСОКИМ СОДЕРЖАНИЕМ МИНЕРАЛЬНЫХ ВЕЩЕСТВ

Исследовательская группа Университета имени Шакарима под руководством д.т.н., профессора Айтбека Калиевича Какимова на протяжении многих лет занимаются разработкой рациональной технологии переработки костного сырья КРС и птицы и его применения в производстве мясных продуктов. Проводятся комплексные исследования по совершенствованию конструкций оборудования, процесса измельчения костного сырья, исследования пищевой ценности и безопасности мясных продуктов.

Разработанная технология переработки мясокостного сырья позволяет получить мясокостную пасту с высоким содержанием минеральных веществ, в частности кальция, магния, железа, удовлетворяющих до 50% суточную потребность человека в данных минералах. Полученную мясокостную пасту рекомендуется использовать в качестве пищевой добавки при производстве



мясных продуктов, обогащая их ценными минеральными и белковыми компонентами. К тому же для производителей мясных продуктов значительно снижается себесто-

имость и налаживается процесс безотходной переработки костного сырья.

По результатам проведенных исследований защищены: одна докторская, две кандидатские, три PhD-докторские, две магистерские диссертации. В настоящий момент по данной научной тематике выполняют свои диссертации один докторант и два магистранта. Результаты научных исследований отражены в зарубежных и отечественных рейтинговых журналах, монографиях, аналитических обзорах и патентах РК.

В настоящий момент работа на стадии коммерциализации. На базе Семейского филиала ТОО «КазНИИ перерабатывающей и пищевой промышленности» создан цех по производству колбасных изделий и мясных полуфабрикатов, где планируется выпуск и продажа мясных изделий с добавлением мясокостной пасты.

Құттықтаймыз!

ҒАЛЫМ ЕҢБЕГІ ЕЛЕУЛІ

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті Ветеринария және агроменеджмент факультетінің «Ауыл шаруашылық және биоресурстар» кафедрасының қауымд. профессоры - Джаманова Гульнараны 50 жас мерейтойымен құттықтаймыз!

Гульнара Илюсюзовна өмірінің 25 жылдан астам уақытын педагогикалық қызметке арнады, осы уақыт ішінде кафедра, факультет, университет өміріне белсенді қатысты. Курстың аға кураторы, факультеттің әдістемелік кеңесінің хатшысы, жас ғалымдар кеңесінің төрағасы, академиялық топтардың кураторы, факультеттің оқу-әдістемелік бюросының төрағасы болды. Ұзақ жылдар кафедра меңгерушісінің орынбасары, кафедрадағы әдістемелік жұмысқа жауапты, кафедра меңгерушісі болды. «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығына, сондай-ақ кафедра мен факультеттің оқу-әдістемелік жұмысына қомақты үлес қосты. Тек оқу-әдістемелік қана емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарын да жүргізеді, көптеген ғылыми еңбектері мен ғылымдағы жетістіктері бар. Педагогикалық, қоғамдық, ғылыми-әдістемелік жұмысы үшін бірқатар алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарға ие болған. Гульнара Илюсюзовна оқу-әдістемелік процеске оқытудың инновациялық жақсартылған технологияларын енгізу үшін үлкен күш-жігерін жұмсауда. Сондай-ақ кәсіпорындар және зертханалармен табысты ынтымақтастық жасайды.

Жетпістен астам ғылыми мақала жариялады. Республикалық, халықаралық конференцияларға қатысып, басылымдары бар. Педагогикалық, қоғамдық жұмысы үшін грамоталар мен алғыс хаттармен марапатталған.

Ғылыми және ұйымдастырушылық жетістіктері үшін Шәкәрім атындағы СМУ ректоры бағалы сыйлықпен марапаттады және «Үздік жас ғалым» атағына ие болды.

ҚР БҒМ «Құрмет грамотасымен» және екі рет Семей қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталған.

Қазіргі таңда «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» білім беру бағдарламасының менеджері; университеттің Ішкі аудитору; РОӘК мүшесі; ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының сарапшысы; факультеттің сапаны қамтамасыз ету бойынша комиссия төрағасы; университеттің академиялық Кеңесінің мүшесі болып табылады. Жыл сайын білім алушылардың ғылыми жұмыстарына басшылық жасайды, үйірме білім алушыларымен бірлескен мақалалары бар. Өз жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарайды. Өріптестер мен студенттер арасында ерекше құрметке ие жан. Мейірімді, жанашыр оқытушы және өріптес.

Туған күн қарсаңында Сізге мықты денсаулық, бақытты және жарқын күндер, ұзақ ғұмыр тілегіміз келеді. Қол жеткізілген жетістіктерге тоқталмай, жаңа мақсаттарға ұмтылуды, басқаларды алға жылжытуды тілейміз.

Сауле СЕЙЛГАЗИНА
"Агротехнопарк" ҒО басшысы

МЕРЕЙТОЙ ИЕСІ

Абенова Гүлнұр Атымтайқызы мен таныстығым сонау 1995 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Тарих факультетін бітіріп, жас маман болып Семей мемлекеттік педагогикалық институтының «Тарих және тарихты оқыту әдістемесі» кафедрасына стажер-оқытушы болып қабылданған мезеттен басталған еді.

Сол күндерден бері байқалмай 26 жыл өтіп кеткен екен. Ұстаздық пен әріптестік қызметіміз Шәкәрім шаңырағында басталып, қазірде бір кафедрада құрбы құрдас, сенімді әріптес ретінде тағдырымыз тоғысып, егіз ғұмыр кешудеміз.

Оқытушылық қызметімен қатар қаламыздағы ЖОО орындарында атап айтсақ М.О. Әуезов атындағы университеті, кейіннен Қазақ гуманитарлық-заң инновациялық университетінде ғалым хатшы, кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Кафедра басқарудағы тәжірибиелі маман ретінде 2014-2018 жылдардағы Қазақ инновация университетіндегі «Тарих және этносаясат» кафедрасының меңгеруші ретіндегі қызметін атап өткен жөн.

Басшылық ұйымдастырушылық, оқытушылық қызметпен қатар өлкеміздің яғни, Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихы мен мәдениеті жайлы ұзақ жылдар бойы жүргізген тарихи зерттеу жұмыстарының нәтижелері халықаралық, республикалық, қалалық ғылыми журналдар мен конференция материалдарында үнемі жарияланып отыр.

Бүгінгі таңда «Тарих және құқық» кафедрасындағы «Тарих» бакалавриатында оқып жатқан жас буын тарихшыларға «Қазақстан тарихы» және «Еуропа және Америка елдерінің тарихы» пәндер бойынша элективті пәндерді әзірлеп, студенттерге дәрістер оқып, семинарлар жүргізеді. «Тарих және құқық» кафедрасындағы 8D01601 доктрантурадағы «Тарих» білім беру бағдарламасының менеджері және эдвайзері ретінде білім беру бағдарламасын әзірлеп, жыл сайын жаңартып отыратын жетекші маман.

Гүлнұр Атымтайқызы үздіксіз білім алып, ғылыми, оқытушылық әлеуетін жетілдіріп отыратын ізденімпаз маман ертіңде танымал. Өр дәрісі мен практикалық сабақтарын оқытудың заманауи әдістерін белсенді қолдана отырып студенттердің өз бетімен жұмыс істеу дағдысын, оқылатын материалды терең түсінуді қолайлы жағдай жасап, заман талабына сай болуына назар аударатын маман. Тынымсыз ұстаздық қызметте тарих ғылымының сан алуан өзекті мәселелері бойынша магистрлік диссертациялар мен дипломдық жұмыстардың жетекшісі, мектеп оқушыларының ғылыми жобаларына кеңес беруші елгезек жанды 50 жас МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ.

Зауре МУКАТАЕВА
тарих ғылымдарының кандидаты



Құрылтайшысы:
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАК

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Бас редактор: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ
Фотограф: Мақсат ЖАРҚЫНҰЛЫ

semgu_2020@bk.ru
http://shakarim.edu.kz/
@shakarim_university_

Білім алушы жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАК медиа орталықта басылып шығарылды.
Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а